



Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ к.

«__» _____ 2024 ж.

ТОО «Атырауский нефтеперерабатывающий завод» (Атырау), бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлеміне жергілікті қамту үлесінің есебі (көрсетілген Қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды өткізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Жүйе) ұсынылады;

2.4.2. Шот-фактура;

2.5. Орындаушы Көрсетілген қызметтер актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Электрондық түрде Веб-порталда Көрсетілген қызметтер актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі. Орындаушы заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Электрондық түрде Веб-порталда Тауарларды қабылдап алу-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

2.6. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.7. Шот-фактураны ұсыну мерзімі: актімен бірге, бірақ қызметтерді орындаған күннен бастап (актіге қол қойылған күннен) күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей. Орындаушы қоятын шот-фактураларда осы Шарттың нөмірі мен күні, көрсетілген қызметтердің атауы, көлемі мен құны көрсетіледі.


2.8. Шарттың жалпы сомасы: тікелей Қызметтердің өзінің құнын, салықтарды және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді, оның ішінде ҚҚС (егер Орындаушы ҚҚС төлеуші болып табылса), сондай-ақ Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындау үшін қажетті өзге де шығындарды (оның ішінде күтпеген) қамтиды.

2.9. Егер Орындаушы Шарттың Жалпы сомасында осы Шартты тиісінше және толық орындау үшін қажетті жекелеген шығындарды көздеме, Қызметтердің қымбаттауы тәуекелін және/немесе кез келген қосымша сомаларды төлеу міндетін Орындаушы көтереді.

3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Орындаушы Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес орны бойынша және мерзімінде Қызмет көрсетуге міндетті.

3.2. Тапсырыс берушінің көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойған күні Қызмет көрсету күні болып есептеледі. Қызметтерді





Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес және Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес саны мен сапасы бойынша көрсетеді.

3.3. Қызмет көрсету орны: Қазақстан Республикасы, Атырау қаласы, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС, Зейнолла Қабдолов даңғылы, 1-құрылыс.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 1.00 % мөлшерінде Банк кепілдігі, Төлем тапсырмалары түрінде енгізсін. Осы міндеттеме, егер ол Тәртібінің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды;

4.1.3. Тапсырыс берушіге көрсетілетін Қызметтерге арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.3.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлеміне (санына) Шарттағы жергілікті қамту үлесінің есебі (жүйеде ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.3.2. Ауыспалы / ұзақ мерзімді шарт жағдайларында алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде көрсетілген қызметтер көлеміне елішілік құндылық үлесінің аралық нақты есебін/есебін ұсыну.

4.1.4. Тапсырыс беруші анықтаған қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жою. Тапсырыс берушінің өнім берушінің көрсетілетін Қызметтердегі жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

4.1.5. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандардың қызмет көрсететініне.

4.1.6. Қызметтерді көрсету кезінде Орындаушы қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарында (№4 және 5 қосымша) белгіленген қауіпсіздік техникасы, өрт және экологиялық қауіпсіздік талаптарын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өзге де нормалар, қағидалар мен нұсқаулықтар талаптарын сақтауын қамтамасыз ету;

4.1.7. Орындаушы өкілдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарында белгіленген еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар үшін, оның ішінде Орындаушы қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігі үшін Тапсырыс беруші мен бақылаушы мемлекеттік органдар алдында толық жауапты болу;

4.1.8. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылатын өз қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Орындаушы қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, сондай-ақ қоршаған орта саласындағы заңнамасын сақтауы мәніне тұрақты түрде аудит (ішкі бақылау) жүргізу;

4.1.9. Орындаушының еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама талаптарын және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарын сақтамауына байланысты оның кінәсінен туындаған мемлекеттік органдар мен өзге де заңды және жеке тұлғалар тарапынан қойылған шағымдарға, сот талап-арыздарына, айыппұлдарға байланысты шығыстар мен залалдарды Тапсырыс берушіге толық өтеу;

4.1.10. Өз қызметкерлеріне қатысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын қосалқы мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне қатысты еңбекке ақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеу.

4.1.11. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша өз қызметкерлерінің және Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тартылған қосалқы мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің саны мен лауазымдары туралы ақпаратты олардың азаматтығы мен төленген жалақы сомаларын көрсете отырып ұсыну;

4.1.12. Тапсырыс берушінің талабы бойынша шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тартылған өз қызметкерлерінің және қосалқы мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге байланысты мәселелер бойынша кез келген өзге де қосымша ақпарат пен құжаттарды ұсыну;

4.1.13. Осы Шартта көзделген отандық материалдарды (тауарларды), оның ішінде алыс-беріс материалдарын/тауарларды олар Қазақстан Республикасында өндірілген жағдайда сатып алу;

4.1.14. Қызметтерді орындау кезінде Орындаушының осы Шартқа №6 қосымшада белгіленген мердігерлік ұйымдарға еңбек қатынастары саласында қойылатын талаптарды сақтауын және орындауын қамтамасыз ету;





4.1.15. Салық заңнамасының талаптарын сақтай отырып, Шартта көзделген Қызметтерді орындауды жүзеге асыру, оның ішінде тиісті салықтар мен міндетті төлемдерді уақтылы және дұрыс есептеуді, сондай-ақ салық органына салық есептілігінің дұрыс жасалуын және уақтылы ұсынылуын қамтамасыз ету.

4.1.16. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Орындаушымен/Мердігермен/Өнім берушімен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.2. Тапсырыс беруші міндеттенеді:

4.2.1. Орындаушы көрсеткен қызметтерді шарт талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.2.2. Наразылықтар болмаған жағдайда көрсетілген Қызметтер актісіне Орындаушыдан оны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.2.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға;

4.2.4. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Орындаушыға қайтаруға міндеттенеді.

4.3. Орындаушы құқылы:

4.3.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге;

4.3.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және көрсетілген Қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге.

4.3.3. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге.

4.3.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тапсырыста және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.3.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде өнім беруші көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында Қызметтер көлемінің (құнының) $\frac{1}{4}$ -нен аспайтын бірлесіп орындауға беруге.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен сан қызметтерін алуға;

4.4.2. Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен Шарт құнының тиісінше азаюымен бас тартуға;

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға құқылы. Қызметтердегі жергілікті қамтудың болжамды үлесін Орындаушыдан ұсынуын талап етуге Тапсырыс берушінің құқығы жоқ.

4.4.4. Орындаушы және оның қосалқы мердігерлік ұйымдары Қазақстан Республикасы азаматтары және шетел азаматтары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу саласында кемсітушілікке жол берген жағдайда, Орындаушының Тапсырыс берушіге келтірілген залалды толық өтеуімен Шартты орындаудан бас тартуға және Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтердің олардың техникалық ерекшелікке және шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Көрсетілген қызметтерді қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Көрсетілген Қызметтердің саны мен сапасы мәселелері бойынша шағымды Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызмет көрсетілген сәттен бастап не әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде анықталуы мүмкін емес кемшіліктер (жасырын кемшіліктер) анықталған 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынады.

5.4. Егер Орындаушы 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Орындаушы мойындаған деп танылады және Орындаушы өзінің тәуекелдері мен шығындары есебінен хабарламаны алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен кемшіліктерді жоюға міндеттенеді.

5.5. Егер Тапсырыс беруші қызметтер көрсетілген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушыға Қызметтердің тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Қызметтер Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.





6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Орындаушы Шартта көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы көрсетілмеген қызметтер құнының 0,01% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - нан аспайды.

7.2.2. Орындаушы шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,01% мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ орындалмаған міндеттеменің 10% - нан аспайды.

7.2.3. Қызметтердегі жергілікті қамту үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.2.4. Орындаушы Тапсырыс берушінің талап етуі Орындаушының осы Шарт бойынша міндеттемелерді (оның ішінде отандық материалдарды/тауарларды сатып алу міндеттемелерін) орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған әрбір жағдай үшін орындалуы жүзеге асырылмаған не тиісті түрде жүзеге асырылмаған Қызметтер құнының 10%-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге (Қызметтерді орындау мерзімін өткізіп алған жағдайлардан басқа) және көрсетілген айыппұлдан тыс толық сомадағы залалды өтеуге міндетті.

7.2.5. Орындаушы Шарттың 4.1.15-тармағын тиісінше орындамаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын қоса алғанда, Тапсырыс берушіде осыған байланысты туындаған залалдарды өтеуге міндеттенеді. Шығындарды өтеу жөніндегі міндеттеме Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген талап қою мерзімі ішінде қолданылады.

7.3. Орындаушы Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Орындаушының өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.4. Егер Орындаушы Шарттың 4.1.2-тармағында белгіленген мерзімде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзады және әлеуетті өнім беруші енгізген өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

7.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.5.1. Шарт бойынша төлемдер кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,01% мөлшерінде өсімпұл төлеуге тиіс, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - % аспауға тиіс.


7.5.2. Орындаушы ұсынған шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,01% мөлшерінде өсімпұл төлеуге тиіс, бірақ орындалмаған міндеттеме сомасының 10% - нан аспауға тиіс.

7.5.3. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісіне қол қояды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін көрсетілген қызметтер актісі сомасының 0,01% мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - нан аспайды.

7.5.4. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсету үшін Орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Орындаушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаса, Орындаушы Тапсырыс берушіден мерзімін өткізіп алудан келтірілген залалды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуді талап етуге құқылы.

7.6. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Қорының Сенімсіз өнім берушілерінің тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін белгіленген тәртіппен Сатып алу жөніндегі Қордың Операторына ақпарат жібереді.

7.7. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге енгізілген сомадан Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзғаны үшін Орындаушыға есептелген тұрақсыздық айыбының сомасын және осыған байланысты туындаған залалдарды ұстап қалуға құқылы.






- 7.8. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.
- 7.9. Орындаушы осы Шартқа №4 қосымшада көрсетілген талаптарды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Қосымшада көрсетілген айыппұлды есептеуге құқылы, ал Орындаушы мұндай айыппұлды кінә қою хатын алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төлеуге міндетті.
- 7.10. Орындаушы осы Шартқа №4 қосымшада көрсетілген талаптарды қайталап бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.
- 7.11. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының азаматтары не шетелдік азаматтар болып табылатын Орындаушының және оның қосалқы мердігерлік ұйымдарының қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу саласында кемсітушілік фактілерін анықтаған жағдайда Орындаушы еңбек заңнамаға сәйкес жауапты болады.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

- 8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.
- 8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.
- 8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:
- 8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағында көзделген;
- 8.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;
- 8.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;
- 8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;
- 8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда) шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда. Қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.
- 8.3.3.3. Шарт талаптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда.
- 8.3.4. Тапсырыс беруші консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау процесінде әлеуетті өнім берушінің мүдделер қалыңысының болмауы туралы анық емес Ақпарат және/немесе жалған мәліметтер ұсынуы анықталған жағдайларда жүзеге асырылады;
- 8.3.5. Тәртіптің 31-бабының 1-тармағында көрсетілген;
- 8.3.6. Сатып алу туралы шарт талаптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған кезде;
- 8.3.7. Тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда тоқтатылады.
- 8.4. Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуі тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған жағдайда, орындаушы Шартты бұзған күнгі орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқылы.
- 8.5. Қордың уәкілетті органы сатып алуда сатып алу мәселелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші жасасқан шартты біржақты тәртіппен бұзуға жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Орындаушыға шартты бұзу күніне оның нақты шыққан шығындарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.
- 8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушының Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

9. Хат-хабар





9.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірусіз жүзеге асырылады.

9.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және 2024 жылдың 31 желтоқсанын дейін жарамды қоса алғанда, ал өзара есеп айырысу бөлігінде толық аяқталғанша жарамды болады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш мән-жайлары болған, сондай-ақ осы мән-жайлардан туындаған салдарлар болған уақытқа мөлшерлес кейінге шегеріледі. Көрсетілген мән-жайларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы немесе уәкілетті мемлекеттік органдар растауға тиіс.

11.2. Жоғарыда көрсетілген мерзімде хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу Тарапты міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде еңсерілмейтін күштің кез келген жағдайына сілтеме жасау құқығынан айырады.

11.3. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.4. Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы осындай мән-жайлар басталған кезден бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша нысанда (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ осындай мән-жайлардың басталу фактісін растайтын құзыретті орган берген құжаттарды ұсынуы тиіс.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздердің нәтижесінде тараптар шарт бойынша дауды шеше алмаса, онда ол шешу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша сотқа беріледі. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.


12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке





қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтынына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының жүйесінде және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді болатынына өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың нысанасына жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

14.2. ИМердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

15. Басқа шарттар

15.1. Тараптар осы Шартты Орындаушының кепілдіктері негізінде және мұндайларға адал арқа сүйей отырып жасасады. Орындаушы мыналарға кепілдік береді: Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары да, Орындаушының барлық акционерлері де Еуропалық Одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шот ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасымен (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқарылатын NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ экстерриториялық әрекеті бар кез келген басқа санкциялық тізімдерге енгізілмегеніне; (а) Шарт жасасу және/немесе оны Орындаушының орындауы осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген санкциялардың бұзылуына әкеп соқпайтынына; (б) Орындаушы Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болатын күні және осы Шартқа сәйкес оны іс жүзінде орындау күніне дейін – осы Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын Орындаушының шоттары, оның ішінде меншікті және корреспонденттік шоттары ЕО қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын тұлғалардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген банктерде немесе қаржы мекемелерінде болады, оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылады (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them), және (немесе) Ұлыбританиядағы қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the office of Financial sanctions Implementations in the UK), және (немесе) SDN тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шот ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген Санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (non-SDN Menu-Based sanctions List) Мемлекеттік қаржының ашықтығы; (с) Подярдчиктің атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) Еуропалық Одақтың және(немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шотты ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы





институттарының тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасымен (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқарылатын NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ экстерриториялық әрекеті бар кез келген басқа санкциялық тізім.

15.2. Егер Орындаушының қандай да бір кепілдігі жалған, дұрыс емес және (немесе) дәл емес болып табылған жағдайда, Орындаушы екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Орындаушының осындай кепілдігінің нәтижесінде немесе дұрыс еместігіне немесе дәл еместігіне байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама залалдарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы

15.3. Егер Шарт жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне орай қолданыстағы Санкциялық актінің («Жаңа санкциялар») қолданылу аясы кеңейтілсе немесе өзгеше түрде өзгерсе, және осындай Жаңа санкциялар: (a) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін бермесе немесе елеулі түрде қиындатса; және (немесе) (b) мұндай Тарап үшін қаржыландыру көздеріне ұзақ мерзімді қол жеткізу мүмкіндігін алуға және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама залалдарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) әкелсе немесе әкеп соғуы мүмкін; және (немесе) (c) өнім беруді/қызметтер көрсетуді бұзуға не тоқтатуға әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса; (d) Тараптардың қайсыбірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау мүмкін емес немесе Жаңа санкциялармен елеулі түрде қиындатылған Тараптардың қайсыбірінің міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғатын болса; және (немесе) (e) осындай Тараптың кредиттік рейтингісінің төмендеуіне әкеп соқса немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған осындай төмендеу ықтималдығы бар болса, (бірге – «Жаңа санкциялардың салдары»), мұндай Тарап Жаңа санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күн ішінде ресми растаушы құжаттарды қоса бере отырып, бұл туралы және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты дереу жазбаша хабардар етуге (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) міндеттенеді.

15.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күннен кешіктірмей Тараптар Жаңа санкциялардың Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына ықтимал әсеріне қатысты, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды («Адал келіссөздер») қоса алғанда, Жаңа санкциялардың осындай теріс ықпалының алдын алу немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы өз позицияларын адал талқылау және келісу үшін кездесуді (кездесулерді)/келіссөздерді өткізеді.

15.5. Тараптар жүргізілген Адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күн ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа санкциялардың бұзылуын немесе оларды осы Шартты Тараптардың орындауына қолдануды болдырмауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

15.6. Тараптар Адал келіссөздердің бірінші күнін өткізгеннен кейін 5 жұмыс күні кейін Келісімге қол жеткізбеген кезде кез келген Тараптың кез келген уақытта Жаңа санкциялардың салдарларына әкеп соққан Жаңа санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбегені туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбегені туралы хабарлама») жіберуге құқығы бар. Келісімге қол жеткізбегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда, Тарап Шартты біржақты тәртіппен бұзуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

15.7. Жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, Тараптар, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не не Тараптар келіскен өзге валютада, жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісімі бойынша Жаңа санкцияларға байланысты өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша балама валютамен төлем жасау Тараптарға Жаңа санкциялардың салдарларын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда 15.8-баптың ережелері басым тәртіппен қолданылуға жатады және мұндай жағдайда 15.5 және 15.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды деп келіседі.

15.8. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не Тараптар келіскен өзге валютада, жүзеге асыру заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгеше түрде орынсыз болатын болса, Тапсырыс беруші Мердігерді бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенетінін растайды және келіседі және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны не Тараптар келіскен өзге валютада, («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банк шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келіседі, Тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір-біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

15.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 15.8-тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда, онда тараптар осындай төлемдерді жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетін болады, егер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзінің интернет сайтында тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты жарияламаса (www.nationalbank.kz), Тараптар келісетін өзге бағам бойынша, тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн).

15.10. Шарт қазақ және орыс тілдерінде электрондық нысанда жасалды.





15.11. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалған және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда оның ажырамас бөліктері болып табылады.

15.12. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі.

15.13. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады:

15.13.1. № 1 қосымша сатып алынатын қызметтер тізбесі;

15.13.2. № 2 қосымша техникалық ерекшелік;

15.13.3. № 3 қосымша сатып алынатын жұмыстардағы жергілікті қамту бойынша есептілік;

15.13.4. № 4 қосымша еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы келісім;

15.13.5. № 5 қосымша өмірлік ережелер;

15.13.6. № 6 қосымша еңбек қатынастары саласындағы талаптар.

16. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері


ТОО «Атырауский нефтеперерабатывающий завод»
(Атырау)
Атырау облысы, Атырау Қ.Ә., Зейнолла Қабдолов даңғылы,
1 құрылыс
БСН 040740000537
БСК HSBKКZKX
ЖСК KZ446010141000007156
АО «Народный Банк Казахстана»
Тел.: +7 (712) 225-9200

БСН _____

БСК _____

ЖСК _____


Тел.: _____





Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі


Жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
71-2 У	Мүлікті бағалау бойынша қызметтер, Мүлікті бағалау қызметтерінің кешені	Мүлікті бағалау	1.000	1.000	-		3 000 000	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, Атырау Қ.Ә., город Атырау, проспект Зейнолла Кабдолова, строение 1	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 12.2024 дейін.	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%





Техникалық сипаттама

Тендер құжаттамасының құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.






Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

жылғы № _____

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		СТ-KZ сертификаты						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты, тенгемен	Шартта елішілік құндылықты, %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	№	Серия	Берген органның коды	Берілген жылы	Берілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (Σ15/Σ7*100%)
						0,00								0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:

- Шарт бойынша контрагент немесе оның жеткізушілері бола алатын тауардың Жеткізушісін көрсету қажет.
- Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша тауардың коды (ТЖҚ БНА). Келесі мекенжайы бойынша қолжетімді: <http://www.enstru.skz.kz/>
- СТ-KZ сертификатының нөмірі. Мысал: 01214.
- СТ-KZ сертификатының сериясы.
- СТ-KZ сертификатын берген органның коды. Мысал: 650.
- СТ-KZ сертификатының берілген жылы. Мысал: егер 2017 жыл, 7 саны көрсетіледі.
- СТ-KZ сертификатының берілген күні. Мысал: 09.06.2017.
- СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауарда елішілік құндылық үлесі (%). Сертификат жоқ болса, 0 тең
- Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шыққан елінің коды.





Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар


р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы қорында қазақстандық кадрларының еңбекақы қорының үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 (= $\sum 15(\text{кесте 1}) + \sum 8(\text{кесте 2})/6 * 100\%$)
						100

Ескерту:

елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.





Договор о закупке услуг № _____

г. _____

«__» _____ 2024 г.

Товарищество с ограниченной ответственностью "Атырауский нефтеперерабатывающий завод", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____, действующего на основании _____, с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем «Исполнитель», в лице _____, действующего на основании _____, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления, утвержденным решением Совета директоров АО «Самрук-Қазына» (№193 от «03» марта 2022 года) (далее – Порядок), и на основании _____, заключили настоящий договор о закупках услуг (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Исполнитель, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора.

1. Предмет Договора

1.1. Исполнитель обязуется оказать услуги согласно условиям Договора (далее - Услуги), а Заказчик обязуется принять и оплатить Услуги на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Исполнителем своих обязательств по Договору.

2. Сумма Договора и условия оплаты

2.1. Общая сумма настоящего Договора составляет _____ (_____) _____ и включает все расходы, необходимые для надлежащего исполнения условий Договора, и не подлежит изменению до полного исполнения Сторонами своих обязательств по настоящему Договору, за исключением случаев, предусмотренных Договором и Порядком.

